

Отын-энергетика секторын дамыту жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1998 жылғы 29 қаңтардағы N 22. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.12.01. N 1180 қаулысымен

Үкіметтің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасына сәйкес және мұнайға, газға және оларды өңдеу өнімдеріне деген ішкі сұранысты толық қамтамасыз ету, арналы мұнай және газ құбырларының еуразиялық жүйесін құру, Каспий теңізінің Қазақстан секторында көмірсутегі кеніштерін барлау мен игеру жобасын дамыту, "Стратегия - 2030-ға" сәйкес отын-энергетика секторын дамытуды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Мына құрамда Қазақстан Республикасының Отын-энергетика секторын дамыту жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы құрылсын:

- | | |
|-------------------|--|
| Балғымбаев Н.Ө. | - Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі, комиссия
төрағасы |
| Есімов А.С. | - Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің бірінші орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар жөніндегі
мемлекеттік комитетінің төрағасы |
| Павлов А.С. | - Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі |
| Өтембаев Е.Ә. | - Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар жөніндегі агенттігінің
төрағасы - Қазақстан
Республикасының министрі |
| Жабағин А.Ә. | - Қазақстан Республикасының
Энергетика, индустрия және
сауда министрі |
| Мұхамеджанов Б.Ә. | - Қазақстан Республикасының Әділет
министрі |

2. Аталған Ведомствоаралық комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып белгіленсін:

отын-энергетика секторын дамыту стратегиясын әзірлеу мен іске асыру;
жаңа жобалар бойынша бірлескен жұмыстар жөніндегі консультанттар мен инвесторларды айқындау және іріктеу;

көмірсутегі шикізатын барлау, игеру, өндіру мен ішкі және халықаралық рыноктарға тасымалдау жөніндегі мұнай жобаларының негізгі параметрлерін бекіту;

жобалардың ұйымдық құрылымын айқындау, мемлекеттік басқару органдарының және стратегиялық жоспарларды іске асыруға жауапты ұйымдардың қызметін үйлестіру;
келіссөз процестерін үйлестіру.

3. Ведомствоаралық комиссияның дереу қарауын талап ететін, бірінші кезектегі жобалар деп Каспий Трубақұбыры Консорциумы жобасы, басқа да көлік жобалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Оман Сұлтандығымен жасасқан мемлекетаралық келісінде, Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясымен Бас келісімде, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Амоко" корпорациясы арасындағы принциптер туралы келісімде көрсетілген жобалар белгіленсін.

4. Ведомствоаралық комиссияны талдамалық жағынан қамтамасыз ету үшін энергия ресурстарын барлаудың, игерудің, өндіру мен өңдеудің бас жобалары бойынша және ішкі және экспорттық мұнай-газ құбырлары жобалары бойынша 1 қосымшаға сәйкес құрамда жұмыс топтары құрылсын.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.11.09. N 1686 қаулысымен.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

1998 жылғы 29 қаңтардағы

N 22 өкіміне 1-қосымша

**Ведомствоаралық комиссияның энергия ресурстарын
барлаудың, игерудің, өндіру мен өңдеудің бас
жобалары жөніндегі жұмыс тобының**

құрамы

Өтембаев Е.Ә.

- Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар жөніндегі
агенттігінің төрағасы -

- Қазақстан Республикасының
министрі, топ жетекшісі
Жабағин А.Ә. - Қазақстан Республикасының
Энергетика, индустрия және
сауда министрі
Дәукеев С.Ж. - Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи
ресурстар министрі
Қуандықов Б.М. - "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ
компаниясының президенті
Аймақов Б. - Қазақстан Республикасы
Инвестициялар жөніндегі
мемлекеттік комитетінің директоры
Ыдырысов Е.Ә. - Қазақстан Республикасының Сыртқы
істер вице-министрі
Қарабалин Ө.С. - "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ
компаниясының вице-президенті
Хорунжий А.Г. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Фискальды саясат
департаментінің салық
сараптамасы басқармасының бастығы
Тоқсанбаев Ғ. - Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігінің заңдар және
халықаралық құқық департаменті
директорының орынбасары

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1998 жылғы 29 қаңтардағы
N 22 өкіміне 2-қосымша

**Ведомствоаралық комиссияның ішкі және экспорттық
мұнай-газ құбырлары жобалары жөніндегі жұмыс тобының
құрамы**

- Өтембаев Е.Ә. - Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар жөніндегі
агенттігінің төрағасы -
Қазақстан Республикасының
министрі, топ жетекшісі

- Жабағын А.Ә. - Қазақстан Республикасының
Энергетика, индустрия және
сауда министрі
- Дәукеев С.Ж. - Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи
ресурстар министрі
- Қуандықов Б.М. - "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ
компаниясының президенті
- Аймақов Б. - Қазақстан Республикасы
Инвестициялар жөніндегі
мемлекеттік комитетінің директоры
- Ыдырысов Е.Ә. - Қазақстан Республикасының Сыртқы
істер вице-министрі
- Қаппаров Н.Ж. - "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау
жөніндегі ұлттық компаниясының
президенті
- Жұмин Қ.Р. - "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ
компаниясының жаңа жобалар
департаментінің директоры
- Хорунжий А.Г. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Фискальды саясат
департаментінің салық
сараптамасы басқармасының бастығы
- Шаяхметов Б. - Қазақстан Республикасының
Инвестициялар жөніндегі
мемлекеттік комитетінің
бас менеджері
- Тоқсанбаев Ғ. - Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігінің Заңдар және
халықаралық құқық департаменті
директорының орынбасары